

Анықтама

«Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мектеп психологы және ауыл участкелік инспектор аға-лейтенанты Мусин Абзал Есенұлымен «Буллингке қарсы», «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында мектеп оқушыларының ер балалар және қыз балалар арасында және мұғалімдердің қатысуымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: «Буллинг» сөзінің мағынасын ашу, таныту. Жасөспірімдер арасында қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу. Сынып ұжымын сыйластыққа, бір – біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.



Мектеп психологі *Т.Н.Сәрсенхалықов* Т.Н.Сәрсенхалықов

«Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Анықтама

«Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8-11 кластар аралығында 16.05 күні прокурор Әсет Қозы-Көрпешұлы, учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты А.Е.Мусин және аудандық ішкі саясат бөлімінің әдіскері Айгерім Абатқызы, АББ-нен Дана Маратқызы оқушыларға және ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 1.Оқушылар арасындағы құқықбұзушылық. Кәмелет жасқа толмаған оқушыларға ата-аналардың аса назар аударуы.

2.Оқушылардың ұялы телефондарын тексеру.Әсіресе Whatsapp web және Kaspi. Алкоголь және электронды темекілердің зияны туралы айтылып кетті.

3.Ауыл инспекторы Мусин Абзал мотоцикл және мопед жеңіл көліктері туралы және оған шектеу қойылғаны туралы, мектеп оқушыларының кешкі уақытта жүру уақыты, суға түсу маусымында оқушыларды қадағалау туралы мәлімет беріп кетті.

4. Интернет алаяқтардың зияны туралы, одан сақтану туралы айтылып кетті.

5.Мектеп директоры Жанар Бекболатқызы оқушылардың қауіпсіздігі туралы, интернет алаяқтығы туралы айтып өтті.

6.Айгерім Абатқызы кешкі мегілде оқушылардың жүрмеуі туралы айтып өтті.

Қатысқан оқушылар – 20

Қатысқан ата-аналар - 13

Анықтама талап етілген орынға берілді.

Мектеп директоры



Ж.Б.Қайдақова

«Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы
«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Әйтеке би ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«Сарат мектеп-бөбекжай-
балабақша кешені»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
шағасы № 46
«09» 04 2014 ж.

Анықтама

«Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бастауыш класс және 5-11 кластар аралығында 09.04 күні учаскелік полиция инспекторы полиция аға лейтенанты А.Е.Мусин оқушыларға су тасқыны және көшеде мезгілсіз жүру, камелетке толмаған оқушыларға мотоцикл айдамауын қатаң түрде тиым салды. Егер оқушы құқық бұзушылық жасаса ата-анасына штраф салатынын айтып жеткізді. Оқушылар А.Е.Мусин мырзаға сұрақтарын қойып, сұрақтарына терең жауап алды. Оқушылар және мұғалімдер жиналысқа қатысты. А.Е.Мусин қылмыстық алаяқтық жөнінде дәріс оқыды.

Түсіндіру жұмысы жүргізілгендігін растаймын.

Қатысқан оқушылар – 40

Анықтама талап етілген орынға берілді.

Мектеп директоры



Ж.Б.Қайдақова

Қазақстан Республикасы
«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Әйтеке би ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша
кешені» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі



Республика Казахстан
Коммунального государственное
учреждения «Саратский комплекс
школа-ясли-детский сад»
государственного учреждения
«Отдел образования Айтекебийского
района Управления образования
Актюбинской области»

Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Сарат ауылы, Т. Жүргенов көмесі №2,
телефон: 72-6-55; факс: 72-6-55; E-mail: sarat-mektep@vandex.kz

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы
«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Әйтеке би ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«Сарат мектеп-бөбекжай-
балабақша кешені»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
шағас № *118*
«*26*» *09* 20*21* ж.

Анықтама

2024 жылдың қыркүйек айының 25-і күні Әйтеке би ауданы ПБ ЖПҚБ ЮПТ КТДЖ УПИ полиция лейтенанты Г.Досмұхамбет, Әйтеке би ауданы ПБ ЖПҚБ УПИ полиция аға лейтенанты А.Мусин Сарат МББК-нің 5-11 сынып оқушылары арасында құқықтық насихат өткізіп, электроскутер, электросамокатты пайдалану, басқару кезіндегі заңдылықтар, жол көлік оқиғасының алдын-алу, жасөспірімдер жарақатын азайту және жасөспірім балдарға көлік құралдарын басқаруға жол бермеу, жол қозғалыс ережесін насихаттау, есірткі сату, пайдалану, түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде, тұрғын жайдан тыс жерде заңды өкілінсіз жүру кезінде қолданылатын әкімшілік, қылмыстық жауапкершіліктерді түсіндіру, сонымен қатар, жасөспірімдер арасындағы кеңінен тараған буллинг пен кибербуллингтің алдын алу, лудоманияның құрбаны болудан аулақ болу мақсатында кездесу ұйымдастырылып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Қатысқан оқушылар саны-17

Мектеп директоры



Ж.Б.Қайдақова

Анықтама

«Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 1-ІІ сынып оқушыларының ата-аналарымен кезекті жиналысы болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. «Кибербуллинг: балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз?» тақырыбындағы баяндама

2. Ата-аналарға кибербуллинг, буллинг туралы ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

3. Оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Тыңдалды: Сынып жетекшісінің «Кибербуллинг: балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз?» тақырыбындағы баяндамасы тыңдалды. Баяндамада буллинг дегеніміз - адам құқығының өрескел бұзылуы. Сонымен қоса бір адамның немесе адамдар тобының екінші адамға қасақана және үнемі зиян келтіруі екендігі айтылды. Кибербуллинг - адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқытып, зорлық көрсету. Кибербуллингке кез-келген адам тап болуы мүмкін. Бірақ бұл тәсілмен шабуыл жасайтындар негізінен кәмелет жасына толмаған мектеп оқушыларын нысанаға алады. Өйткені, қорғансыз балалар қорыққанынан өзіне қысым жасалып жатқаны туралы ешкімге айтпайды. Тіпті ата-анасы мен жақындарына тіс жармай, шабулшының айтқанынан шықпайды. Ғаламтордағы қауіп-қатермен күресте ата-ананың рөлі маңызды. Сондықтан, ата-аналарға интернеттегі қауіп туралы айтылып, мінезіндегі кез-келген өзгерісті бақылау ұсынылды. 2- мәселе бойынша ата-аналарға кибербуллинг, буллинг туралы ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ата-ана баласының интернеттен не көретінін біліп жүруі керек. Олар түрлі ресурсты қолданады, сөйлеседі, видео көреді. Балаға кибербуллингтің не екенін түсіндіру керек. Кіммен сөйлесетінін сұрап, бейтаныс адамдардың хатына жауап бермегені дұрыс екенін айту қажет. Әрбір ата-ана өз ұл-қыздарының күмәнді желілерге кіріп, қаскөйлердің құрбаны болғанын анықтаса, оларға ұрыспай, барынша қолдау көрсеткені жөн. Балаға оны түсінетінін жеткізе отырып, оны жұбату қажет. Сонымен қатар ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға күш салу керектігі аталып өтілді.


Сынып жетекшісі қауіпсіздік ережелерімен ата - аналарды таныстырып, жолда бала сак журуіне, абай болуына ата - аналарға угіт - насихат жумыстар жургізді. Сейлеушілер: Ата ана: Ықыласбаева Галия апай бүгінгі айтылған мәліметтердің маңызы зор екендігін, баланын тарбиесіне ата-анасы жауапты екендігін айта келіп, баланын бойына жақсы қасиеттерді сіңіруіміз керек деп өз ойын түйіндеді. Ата-ана: Нуриахметова Кымбат кибербуллинг, буллинг туралы апараттық мәлімет алғандығын, алдағы уақытта баланын білімі мен тәртібіне әрбір ата-ана жауапты екенін естен шығармайық деп өз ойын нақтылады.

1. Ғаламтордағы қауіп-қатермен күресте ата-ананың рөлі маңызды екендігі ескерілсін.

2. Өмір қауіпсіздігі, санитарлық талаптар сақталынсын.

3. Оқушылардың сапалы білім мен саналы тербие алуына көңіл бөлінсін.

Психолог:




Т.Н.Сәрсенхалыков

Анықтама

Сарат МББК қыркүйек айында Мектепшілік ата аналар жиналысында “Құқық бұзушылықтың алу тақырыбында “тренинг ұйымдастырылды. Отбасылық құндылық “тақырыбында 6-8 кл дөңгелек үстел өткізілді.” Буллинг және кибербуллинг” тақырыбында 1-11 кл ата-аналарға психологиялық кеңес беру жүргізілді. 1 класс оқушыларының мектепке бейімделуін анықтауға арналған К.Иерасик диагностикасы өткізілді. Буллингке байланысты 6-11 кл оқушылары арасында сауалнама жүргізілді. “Құқықбұзушылықтың алдын-алу мақсатында учаскелік полиция аға лейтенанты Мусин Абзал Есенұлы ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізді. “Біздің мектеп буллингке қарсы” флешмоб өткізілді. Ата-аналардан толық келісім парағы алынды.

Психолог



Т.Н.Сәрсенхалықов

**Кәмелеттік жасқа толмағандар арасында құқықбұзушылықтың
алдын-алу және оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында
7-11 класс оқушылары және ата-аналарымен өтізілген жиналыстың**

ХАТТАМАСЫ

Сарат ауылы

16.05.2024 жыл

Қатысқандар: Аудан прокурорының көмекшісі лейтенант Әсет Қозы-Көрпешұлы, жергілікті атқарушы полиция инспекторы аға лейтенант А. Е. Мусин, аудандық ішкі саясат бөлімінің маманы А. Абатқызы, аудандық білім бөлімінің маманы Д. Маратқызы, Сарат МББК ұстаздары және 8-11 класс оқушылары ата-аналарымен қатысты.

Күн тәртібінде:

1. **Жазғы демалыс кезінде оқушылардың қауіпсіздігі. Шомылу маусымы кезіндегі қауіпсіздік шаралары.** Аудандық полиция бөлімінің аға лейтенанты А. Е. Мусин
2. **Балалардың қатысумен болатын жол-көлік оқиғалардың алдын алу.** Аудандық полиция бөлімінің аға лейтенанты А. Е. Мусин
3. **Оқушыларды есірткі, психотропты заттарды қолдануға және таратуға тарту.** Аудан прокурорының көмекшісі лейтенант Ә. Қозы-Көрпешұлы
4. **Оқушылардың түнгі мезгілде заңды өкілсіз жүру және ол үшін жазалау шаралары. Жыныстық қол сұғылмаушылыққа байланысты проблемалар.** Аудандық ішкі саясат бөлімінің маманы А. Абатқызы
5. **Алаяқтықтың алдын-алу шаралары.** Аудан прокурорының көмекшісі лейтенант Ә. Қозы-Көрпешұлы

Тыңдалды: «Сарат мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Ж.Б.Қайдақова сөз алып, келген қонақтармен және күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырып өтті.

1-мәселе бойынша Әйтеке би аудандық полиция бөлімінің аға лейтенанты Абзал Есенұлы Мусин жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың қауіпсіздігі және шомылу маусымы кезіндегі сақтық шараларына тоқталып қоймалары маңында өзін-өзі ұстаудың негезгі қауыпсыздық ережелерін сақтау қажеттігі туралы ескертіп өтті. Сонымен қатар кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдердің автокөліктің мопедті басқаруына қатаң тыйым салынғандығы және осындай жағдайлар кездескенде алытантын шаралар туралы ескертіп өтті.

2 – мәселе бойынша балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғалардың алдын алу мәселелеріне байланысты жол-көлік жарақаттануын алдын алу мақсатында жол-патрулдік полиция бөліністері мен участкелік полиция инспекторларының жүргізіп жатқан орасан жұмыстарға қарамастан, бұл бағыттағы жұмыста ата-аналар, екендігі туралы айтып өтті.

Сонымен қатар мектеп оқушылары көптеген жағдайда тиісті бақылаусыз қалып жататындығын, демалыс және мереке күндері, каникул мезгілінде балалар уақытын көшеде өткізетіндігі, жол жиектерінде қараусыз ойнайтындығы, жолға жүгіріп шығатындығы туралы ескертіп өтті. Осы қозғалысы ережелерін айтып, отыруы қажеттігін, өз жеке бастарының үлгісі – үйретудің ең тиімді түрі екендігін ұмытпауы қажеттігін айтып өтті.

3-мәселе бойынша Әйтеке би аудандық прокурорының көмекшісі лейтенант Әсет Қозы-Көрпешұлы оқушыларды есірткі, психотропты заттарды қолдануға тарату мәселесіне тоқталады.

Ол: Қазіргі уақытта оқушыларды есірткі таратуға қолдану, сонымен қатар олардың қолдануға қатыстыру, әсіресе синтетикалық препараттар, мысалы: «спайс, скорость, соль, меф

және т.б.» ерекше қауіп төндіреді. Синтетикалық нашақорлық өмірі бес жылдан аспайды. Осы кезеңге ол өзін-өзі өлтіреді. Өйткені суицид деңгейі жоғары. Немесе өмірінің соңына дейін психиатриялық диагноз алады. Барлық сатып алулар әрбір оқушыларға дерлік бар смартфон арқылы, әлеуметтік желілер (ВКонтакте), жедел хабаршылар (Telegram!) арқылы онда арнайы телеграмма боттары бар яғни роботтар арқылы жүзеге асырылады. Бұл қылмыстық схема және оған жасөспірімдер қатысады.

Сонымен, балалардың қауіпсіздігі үшін ата-аналарда пайда болған ақшаға телефондарға және оның материалдық мүмкіндіктерінен тыс барлық нәрселерге назар аударуға шақырды.

4-мәселе бойынша Әйтеке би аудандық ішкі саясат бөлімінің маманы Әйгерім Абатқызы жыныстық қол сұғылмаушылыққа байланысты проблемалар туралы ескертіп өтті. Барлық қылмыстардың ішіндегі ең ауыры жыныстық қол сұғушылық болып табылады. Осы мәселеге байланысты қылмыстар орын алды. Бұл жерде де қылмыстық кодексте көзделген жауапкершілікпен таныстырып өтті. ҚР қылмыстық кодексінің 122-бабына сәйкес 16 жауаптылықты көздейді. Бұл қылмысты қайталап жасаған жағдайда аса ауыр қылмыс деп танылады. Ол үшін 12 жылдың 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру қарастырылғандығы туралы ескерті.

Сонымен қатар оқушылардың т.нгі мезгілде заңды өкілсіз жүру және ол үшін жазалау шараларына тоқталып әкімшілік құқық бұзушылық туралы « Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немес тұрғынжайдан тыс жерде болуы» туралы 442 бабымен таныстырып өтті.

6. 5- мәселе Әйтеке би аудандық прокурорының көмекшісі лейтенант Ә. Қозы-Көрпешұлы бойынша алаяқтықтың алдын-алу шараларына байланысты түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Ол: Қазіргі таңда алаяқтық-бұл қылмыскерге заңсыз пайда табуға немесе жәбірленушіге құқығынан бас тартуға бағытталған қасақана алдау әрекеті. Алаяқтық түрлеріне салықтық алаяқтық, несиелік карта бойынша алаяқтық, банктік алаяқтық жатады. Алаяқтық құрбандары қылмыскерден ақшаны өндіріп алу туралы талап қоя алады немесе ақшалай шығын болмаған жағдайда жәбірленушінің құқығын қалпына келтіру туралы сотқа жүгіне алады.

Шешім:

1. Құқық бұзушылық алдын алу мақсатында кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдердің жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздігі қатаң бақылауға алынсын.

2. Кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдердің қатысуымен болатын жол-көлік оқиғалардың алдын алу мақсатында ауыл учаткелік полициясымен бірлескен жұмыс жолға қойылды.

3. Кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдердің есірткі, психотропты заттарды қолдауға және тарутаға тарту салдарын болдырмау мақсатында мектеп психологы оқушы, ата-аналармен жоспарлы түрде жұмыстар жүргізілді.

4. Кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жыныстық қол сұқпаушылықты бодырмау мақсатында ата-аналар мен мұғалімдердің жұмыстарын жандандырылсын.

5. Алаяқтықтың алдын алу мақсатында барлық сақтық шаралары жолға қойылсын.

Мектеп директоры

Хатшы



Ж.Б.Қайдақова

Р.М.Жаңабаев